

МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ

Қатысуға өтінімді (1-қосымша) **2022 жылдың 27 ақпанына** дейін g.kyrgyzbayeva@satbayev.university, s.soltabayeva@satbayev.university электрондық мекен-жайларға жіберу қажет.

Қатысуға өтінімді (1-қосымша) конференция жұмысы **БАҒЫТТАРЫНЫҢ** электрондық мекенжайлары бойынша **2022 жылғы 27 ақпанға** дейін жолдау қажет.

Материалдар "Геоақпараттық цифрлық инженериядағы инновациялық технологиялар" Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына деп белгіленіп, электрондық түрде ұсынылады.

Конференцияға қатысушы 2-ден аспайтын баяндаманың авторы немесе бірлескен авторы бола алады.

Баяндамалар (қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде) конференция жұмысының **БАҒЫТТАРЫ** бойынша электрондық мекенжайларға 2022 жылдың 28 ақпанына дейін электрондық көшірме түрінде (тіркелген файлмен e-mail бойынша) немесе MS Word форматында USB флеш түрінде ұсынылады.

Баяндамаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар

Көлемі-MSWord мәтіндік редакторы форматындағы 3-5 бет, сілтемелермен қоса. Қаріп: өлшемі – 14; түрі – TimesNewRoman; жоларалық интервал – 1, ені бойынша түзеу. Барлық жағынан 2 см, жаңа жол мөлшері -1,25 см.

Беттер нөмірленбейді, ауыстырулар қойылмайды. Әдебиеттерге сілтемелер төртбұрышты жақшаларда мақалаларды рәсімдеу бойынша базалық баспа стандарттарына MEMCT 7.5-98 "Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспаға рәсімдеу" MEMCT 7.1-2003" Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері" [2, С.5] сәйкес берілуі тиіс. Электрондық құжаттың рәсімделуіне назар аударыңыз.

Жоғарғы сол жақта мақаланың ЭОЖ басылады, шегіністен кейін одан әрі оң жақта - қалың қаріппен автордың (лардың) тегі, аты-жөні, кәдімгі қаріппен дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, ұйымның толық атауы жазылады.

Баяндаманың атауы бас әріптермен, қою қаріппен ортасында туралау арқылы басылады, тақырыптың соңында нүкте қойылмайды. Одан жаңа жолдан мақала тілінде түйін сөздер мен түйіндеме (қаз/орыс/ағылш. тіл., 8-10 жол, 70-90 сөз) жазылады. Содан кейін мақала мәтіні беріледі. Суреттер – мәтін бойынша сілтемеден кейін беттің ортасында; формат – Microsoft Word редакторы қолдайтындай; жоғарғы және төменгі жағынан -бос жол қалтырылады. Сурет атауы – сурет нөмірінен кейін сурет астындағы қолтаңбадан бір жолдан кейін (1 - сурет -...). Суреттің атауынан кейін нүкте қойылмайды. Кестелер-оған сілтеме жасағаннан кейін беттің ортасында. Кестеден кейін-бос жол. Кестенің атауы-кестенің үстінде, жаңа жолдан 1,25 см шегіністен кейін (1 – кесте -...). Қаріп: Times New Roman, кегль – 12, кіші, ені бойынша түзеу. Кестенің атауы мәтіннен жоғарыдан бос жолмен бөлінеді. Кестенің атауынан кейін нүкте қойылмайды. Мақала әдебиеттер тізімімен аяқталады: **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**.

Ұйымдастыру комитеті конференция тақырыбына сәйкес келмейтін баяндамаларды қабылдамауға құқылы.